

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

АЯЗДАН АҚША

Табиғаттың мінезіне дауа бар ма?! Сарышұнақ аяз қысқалы, Арқа жұртының арқасы да, пейілі де тарылып барады. «Боранды күні ит пен бала құтырады» деуші еді бұрынғылар. Астананы қара суық ұрып, қарлы-боран басталғалы аяздан ақша жасайтын пысықайлардың саудасы жүріп-ақ тұр!



АВТОТҰРАҚ
5000 ТГ

ЖАСАҒАНДАР



Бұл бизнестің түрін өзара «оталдырғыштар» деп атайтын көрінеді. Өйткені, олар май-суы тонып, қатып қалған көлігіңізді «жібітіп», от алдырып береді. Онысына ұялмай-қызармай 15-20 мың тенге сұрайды. Қысылып тұрған жұрт қайтсін, сұрағанын беріп, қып-қызыл ақшаға қыздырып жүр. Темір тұлпарының қанына бір рет от жүгіртіп алған соң, оны өшірмеуге мәжбүр. Түн ұйқысын төрт бөліп, бала тербеткен анадай сағат сайын «тербетеді». Енді қайтсін, бір бүйірден аяз, бір бүйірден ақша қысса?..

Елорда төрінде тоңған көлікті жылытып беретін арнайы орталықтар да бар. Көлік жөндейтін орындарда -40 градуста қатып қалған машиналарды жылытып, моторын қыздырып, от алдырып беретін қызмет қарастырылыпты. Бірақ бағасы аспандағы ай сияқты...

Аяздан ақша жасап жүрген «саудагерлерге» жем болғысы келмеген кейбіреулер көлігін өзі от алдырамыз деп өртеп алыпты. Басқа амал бар ма, күн сайын 20 мың тенге қайдан табылады?

Байырғы қазақтар мұндай қарлы-боранда немесе қауырт жұмыс кезінде бір-біріне риясыз көмектесетін болған. Ондай мысалдар жеткілікті. Мәселен, қалың жұт болған бір жылы Абай ауылына шөп тартқандар байдың пішенінен кедей-кепшікке де таратады. Шығыстың қарлы боранында бір шана шөпті бір тайға сұраса да, өз еркі. Бірақ жұтап отырған елге салмақ салмайды. Ал біздің әлгі пысықайлар соны түсіне ме екен? Әй, қайдам? Түсінсе, сүйектен өтетін сары аязда бір көлікті от алдыру үшін 20 мың тенгені қалай дәті барып сұрасын?!

Жұрттың бәрі тойымсыз емес. Арқа төріндегі Астана қаласында тегін такси пайда болған қазір. Көп емес, бірақ ондай пейілі дархан азаматтар бар. Тегін автобустар да жұртты қалаған жеріне жеткізіп, ыстық шай беріп жүр. Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы көше тазалайтындар мен базардағы арбақештерге тегін тамақ үлестіріп, қыстың қыспағын жеңілдетіп жатыр.

Абайдың сөзімен айтқанда, «көрі құдан кыс келіп, әлек салғанда» аяздан ақша жасайтындар ең алдымен құлқынның емес, жұрттың қамын ойласа етті!..

Жарас КЕМЕЛЖАН

2

МИНИСТР:
БҰЛ ТРАМПЛИН
ҚАУІПСІЗ

КӨМІР
ҮШІН
КҮРЕС

4

АЛМАТЫНЫҢ
«ЖЫЛ
ҚҰСТАРЫ»

5

САМАУРЫНДА
СЫР БАР
СИҚЫРЛЫ

8

on the web
JASQAZAQ.KZ



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
70,96



DOLLAR
319,83



EURO
397,29

АЛТЫН (ун.)
1359,20



COMMENT

АЛЫС ТА ЖАҚЫН AMERICA



Апорт шаһарынан (Алматы) таңертең шығып, кешқұрым Дәу алма (Нью-Йорк) қаласына

келгенімізде күнтізбе әлі сол 16 қаңтарды көрсетіп тұрды. «Бұл қалай, арада бірнеше теңіз, алып Атлант мұхиты бар емес пе?» дейтін сауалдың қойылары анық. Әуе кемесі тоқтамай ұшқанның өзінде 15-16 сағат кетеді. Бар мәселе уақыт айырмашылығында. Бұл жақта ымырт түссе, Алатаудың етегінде таңсарі.

(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

«Маңызды мәселені естен шығарып алғандарына қайран қалып отырмыз. Өйткені Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы мен Қазақстанның физикалық географиясы жалпы география пәнінің ішінде ғана көрсетілер болса, жастарымыздың елімізді толық танып-білуіне бұл жеткіліксіз. Мұны мен өзіміздің географиямыз көлеңкеде қалып қоятын болды деп түсіндіргім келеді»



БАСҚАНЫҢ
ЖАҒРАФИЯСЫН
КӨП ОҚИМЫЗ

(Толығырақ 4-бетте)

«БІР КЕМ ДҮНИЕ»

ҚАРТТАР ҮЙІНДЕГІ ҚАЛАМҒЕР



Әдетте ақын немесе жазушымен сұхбатасуға келісіп, межелі уақытта мекен-жайына бет алғанда, сәні мен салтанаты келіскен зәулім үй немесе әсем пәтердің есігінің алдынан құрақ ұша қарсы алар шығармашылық адамдарының көл-көсір көңілі мен ақеділ пейіліне өбден үйреніп қалғаннан кейін де болар, ардагер журналист, жазушы-аудармашы Мөткерім Әкімжановпен әңгімемізді де сондай жайлы да жарқын жағдайда әлестеттік.

(Жалғасы 6-бетте)



7 күн 168 САҒАТ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

БИЛІК

«Сапар табысты болды. Ең бастысы, нақты мәселелер бойынша нақты уағдаластыққа қол жеткіздік». Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Америка Құрама Штаттарына ресми сапарының қорытындысы туралы кеңес өткізді.

өтті. Алкалы жиынға Президент Әкімшілігінің басшысы Ә.Жақсыбеков, Президенттің көмекшісі — Қауіпсіздік Кеңесінің хатшысы В.Жұмаканов, Президенттің көмекшілері Н.Онжанов пен Ә.Смайылов қатысты. Сондай-ақ осы аптада мемлекет басшысының төрағалығымен Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Ол жиында да

вице-президент Майкл Пенспен, басқа да басшылармен өткен келіссөздердің нәтижелерін талқылаймыз. Сондай-ақ еліміздің мүддесі үшін бұл уағдаластықтардың орындалуына септігін тигізетін шараларды қарастыру қажет», — деді. Мемлекет басшысы АҚШ-тың ірі компанияларымен және қаржы институттарымен жасалған келісімдерді іске



ЕНДІГІ МІНДЕТ – ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

Мемлекет басшысы АҚШ-қа ресми сапарының аясында қол жеткізілген уағдаластықты жүзеге асыру үшін бірқатар нақты тапсырма берді. Сонымен қатар Елбасы шетелдік компаниялармен экономикалық ынтымақтастықты нығайтып, дамыту жөніндегі міндетті іске асырудың маңыздылығын атап

Қазақстан Президентінің АҚШ-қа ресми сапарының нәтижесі мен қол жеткізілген уағдаластықты жүзеге асыру жөніндегі шара қарастырылды. Елбасы «Біз бүгін Қазақстан делегациясының АҚШ-қа ресми сапарының қорытындысын, соның ішінде АҚШ президенті Дональд Траппен,

(Өз тілшіміз)

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

500

мың теңге. Алматылық азамат «Алтын белгісін» сатылымға шығарды

40

градус аязға байланысты Павлодар облысындағы мектептерде сабақ тоқтатылды

276

мың теңге. Автокөлік нөміріне қалаған әріпті қосып жазсаң, осынша ақша төлейсің

7 сөз

Голландия соты 22 млрд долларды бұғаттан босатты

Кәрібай МҰСЫРМАН,
Мәжіліс депутаты:

«Елімізде екінші дүниежүзілік соғысы ардагерлерінің қатары мүлдем сиреп қалғандығы белгілі. Біз күні кеше өңірлерде болған кезде олардың тарапынан айтылған бір ренішті естіп келдік. Ол тоғызыншы мамыр Жеңіс күніне орай жергілікті бюджеттен төленетін бір реттік материалдық көмекке қатысты. Өйткені оның мөлшері әр өңірде әр түрлі. Бір жерде аз, бір жерде бірнеше есе көп. Осыған орай бізге «Бай өңірдің майдангерлері бейбітшеден, кедей өңірлердің майдангерлері тоқалдан туған ба?!» – деген орынды сұрақ қойылды. Осы мәселені бір жүйеге келтіріп, әділдік орнатуға бола ма?»

Сауалы

Аптаның

Жауабы

Арман ӨМІРБАЕВ, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өкілі:

«Заң бойынша мерекелік күндерге орай берілетін әлеуметтік көмек жергілікті атқарушы мекемелердің құзырында және жергілікті бюджет есебінен төленеді. Өңірлердің мүмкіндігі әр түрлі. Біздің министрлік тоғызыншы мамыр қарсаңында әкімдіктермен осы жұмысты жүргізіп келеді. Өткен жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, өңірлерде ардагерлерге төленетін көмек сомасын бірдей етуге тырыстық»



Әлеумет.т⁰



Бұрынғылар қорасындағы төрт түліктің жайы үшін қантар мен ақпандағы сақылдаған сары аязды аса қатты ұната қоймайтын. Ақын Абайдың «Көрі құдан қыс келіп, әлек салды» деп өлең жазуы содан. Қазір қыстың әлегін шыбын шаққан құрлы көрмейміз. Қайта табиғат ананың осы бір қытымыр шағын сағынамыз. Неге? Өйткені бұл маусымда қала жағалаған жұрт айнадай жарқыраған айдында коньки тебеді. Шаңғыға барады. Қардан қала салып, кәрі-жас бір жасап қалатын болған. Қысқы спорттың да

қантардың қақаған суығында қара суға сүнгілі-ау келіп, сүнгілі...

Кайсы күні әлеуметтік желіде таралған бір видеода шомылғандардың бірі «біссімиллә», бірі «аллаһуәкбар» айтып, өзеннен ойылған суатқа қойып кетіп жатыр. Соны көргенде май жұтқандай күй кешкеніміз анық. Басқа бір халықтың діни мейрамында Алланы ауызға алу естіген құлаққа, шынында ерсі!

Бала-шаға, немере-шөбересімен бірге барып шомылғандардың санында биыл есеп жоқ. «Суға түскенде

«БІССІМІЛЛӘ» ДЕП СУҒА ТҮСТІ

денсаулыққа пайдасы зор.

Бірақ православ дін өкілдерінің дәстүрлі мерекесі — шокыну кезінде суға түсетін қарақөздердің саны жылдан-жылға артуы қалай? Шомылған қазақтар былтырғыдан көп. Онысын «Бұл діни рәсім емес, спорт. Деніміз сау, денеміз шымыр болады, тұмау-сырқау тимейді» деп түсіндіретін көрінеді. Желтоқсаннан басталған ұзақ қыстың басқа күні құрып қалғандай, дәл сол күнді таңдаудың мәнін өздері де түсінбейді. Бірақ бала-шағасы, тайлы-тұяғы қалмай өзенге түсіп, өздерінше шыныққан болады.

Асылы, шокыну рәсімінің өзіндік діни мәні бар. Мереке күндері ғана су тазаралы, оған шомылған адамның барлық күнәсі жуылып, тәңі де, жаны да құлан-таза күйге өтеді деп түсінеді. Ал біздің қарақөздер оның мәніне үңілмей,

тұрған не бар?» деп ақталады.

Бүгін әкесі мен атасымен барып шомылған бала күні ертен бұл мейрамды дәстүрлі түрде жыл сайын атап өтетін нағыздың өзі болмасына кім келіп?! Православ болып кетпегеннің өзінде санасында санлау қалады ғой. Ал солар «Иммунитетіміз күшті болады, ауырмаймыз» деп ақталады. Тұмау-сырқаудан қорқатын сол шіркіндер алдымен тән емес, жанның ауыратынын біле ме екен?! Әй, қайдам?!



Жарас КЕМЕЛЖАН

Сөз-Жебе

Аманжан ЖАМАЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«2013 жылы еліміздің инновациялық дамуының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы бекітілген болатын. Мемлекеттік бағдарламаның екінші бесжылдығына қарай, шынында да, инновациялық дамуға қол жеткіземіз деген болжам бар еді. Өкінішке қарай, олай болмады. Ауқымды бюджет шығыны есебінен жасалған инновациялық құрылым өзін-өзі ақтамады. «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аумағында 2020 жылға дейін 250–350 млн долларлық шетелдік инвестиция тарту міндеті жүктелген. Осы тапсырманың аяқсыз қалғанына кімнің жауапты екені түсініксіз»



Мәселенің мәні

Дәурен АБАЕВ, ақпарат және коммуникациялар министрі:

«Кейбіреулер мемлекеттік-ақпараттық тапсырысты тоқтату қажет деп санайды. Олай етсек, шетелдік контенттің үлесі артады. Қазір барлық республикалық



арналарда өзге елдің өнімін сатып алу көлемі қысқарып келеді. Есесіне, отандық сериалдар мен деректі фильмдер, ток-шоу көбейді. Жекеменшік арналарға бөлінген мемлекеттік тапсырыс қаржысы қазақ тілді бағдарламалардың санын арттыруға бағытталды. Мемлекеттік тілді біз осы арқылы да қолдаймыз»

«Жас қазақ» жазып еді

МИНИСТР:

БҰЛ ТРАМПЛИН ҚАУІПСІЗ

Осыдан бірер ай бұрын газетімізде «Бұл трамплиннен секіру қауіпті» деген мақала шықты. Онда Мәжіліс депутаты Владислав Косарев «Щучинск қаласында салынып жатқан республикалық шаңғы спорты базасындағы трамплиннің кім салады, сол өзі секірсін» деп мәселе көтерген еді.

Сол трамплиннен секіретін уақыт та таяп қалған сияқты. Бейсенбі күні Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы бұл кешеннің құрылысы жаз мезгіліне дейін аяқталатынын айтты. Тіпті маусым айында қолданысқа берілуі ықтимал. Министрдің сөзіне қарағанда, спорт кешені қысқы спорт түрлеріне тікелей жауап беретін халықаралық санаттағы мамандардың қатысумен салынып жатыр. Мамандар кешенге жоғары баға беріпті.

ЖАС ҚАЗАҚ

№41
(665)
29 қазан
2017 жыл

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

www.jasqazaq.kz

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

БҰЛ ТРАМПЛИННЕН

ЖОЛСАПАР

Апорт шаһарынан (Алматы) танертең шығып, кешқұрым Дәу алма (Нью-Йорк) қаласына келгенімізде күнтізбе әлі сол 16 қантарды көрсетіп тұрды. «Бұл қалай, арада бірнеше теңіз, алып Атлант мұхиты бар емес пе?» дейтін сауалдың қойылары анық. Әуе кемесі тоқтамай ұшқанның өзінде 15-16 сағат кетеді. Бар мәселе



жүзлесу жайында әлемдік және отандық ақпарат құралдары жан-жақты жазды. Сондықтан сапардың мән-маңызы мен қол жеткізілген уағдаластыққа тоқталуды жөн көрдік.

Айрықша айтылатын жәйт — АҚШ біздің елімізді ширек ғасырдан бері тәуелсіз ел, мықты мемлекет, Американың Орталық Азиядағы кәлірменді досы әрі стратегиялық серіктесі деп есептейді. Бұған қоса, аймақтық және ғаламдық деңгейдегі түйіндерді шешудегі жемісті тәжірибесін, Ауғанстандағы тұрақтылықты баянды ету жолында қосқан үлесін жоғары бағалайды. Сапар қарсаңында АҚШ Мемлекеттік хатшысы көмекшісінің бірінші орынбасары, мемлекеттік департаменттің Күнгей және Орталық



www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

АЛЫС ТА

уақыт айырмашылығында. Бұл жақта ымырт түссе, Алатаудың етегінде тансәрі.

Жемісті бекер жазған жоқпыз. Нью-Йоркті The Big Apple (Дәу алма) дейді. Бұл атау өткен ғасырдың 20-жылдары пайда болыпты. Америкада жылқы алмаға құмар. Сондықтан сәйгүлікке мініп жарысатындар бәйгені осылай атапты. Енді бір дерек Америкаға қоныстанғандарға алғаш жеміс берген осы алма ағашы екенін айтады. Қалай десе де, қазір қызыл алма — қаланың бір символы. Ал айфонмен атақты Apple-дің бұған титтей де қатысы жоқ. Стив Жобс телефон анықтамалығында өзіне бәсекелес Атаі компаниясынан жоғары тұру үшін осылай атаған көрінеді. Тек белгі ретінде тістелген алманың суретін тандаған.

Аумағы ат шаптырым Кеннеди әуежайында сол Apple шығарған айпадынан біздің көк туымыз алыстан көзге шалынды. Бізді, отандық бір топ журналисті күтіп алуға келген жергілікті көлік компаниясының өкілі осылай қарсы алуды жөн көріпті.

Ішіміз жылып қалды. Ол Welcome to America (Америкаға қош келдіңіздер)! — деді күлімсірей. Жайдары жігіт екені көрініп тұр. Жөн сұрасқан соң көлігіне мініп, қонақүйге қарай бет алдық.

Нью-Йорк — көкке тірелген үйлерімен, тарихи ғимараттарымен әйгілі. Біріккен Ұлттар Ұйымының штаб-пәтері де жақын маңда.

Мұнда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтеді. Сапарымыздың мақсаты — осынау тарихи жиынға қатысу. Айта кеткен жөн, бұдан 27 жыл бұрын, 16 қантарда БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі еліміздің осы ұйымға мүше болу жөніндегі өтінішін қаралы. 1992 жылы 2 наурызда Бас Ассамблея

дипломатияның өлшеммен алып қарасак, көп уақыт емес. Бұл, сөз жоқ, еліміздің сындарлы сыртқы саясатының жемісі. Жас мемлекеттің күрмеуі көп дипломатиядағы алғашқы табысты қадамы осы Америкада жасалғанын айта кеткен артық емес. Президент Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылғы мамыр айында ресми сапармен АҚШ-қа барды. Ақ үйде президент Дж. Бушпен кездесті. Әңгімеде ядролық қарудан бастап, екі жақты қарым-қатынасты айқындайтын көптеген мәселелер сөз болды. Осылайша, әлемдегі ең қуатты мемлекетпен жан-жақты байланыс орнатуға жол ашылды. Вашингтонда (мұны айрықша атап өткен жөн) содан кейінгі жылдары тиімділігі мен дұрыстығын талай рет дәлелдеген көпвекторлық саясатымыздың негізі қаланды. Көрнекті дипломат, мемлекет қайраткері Қасым-Жомарт Тоқаев осы сапар барысында жас мемлекетті саяси тұрғыдан тану, кең ауқымды экономикалық ынтымақтастық орнату, халықаралық сахнада оған жан-жақты қолдау көрсету жөніндегі уағдаластыққа

ЖАҚЫН

Азия бойынша бюросының өкілі Элис Уэллс ханымның «Американдықтар Назарбаев - Трамп кездесуін тағатсыздана күтіп отыр» деуі тегін емес. Бұл арада Қазақстан басшысының Вашингтонға халықаралық ахуал мейлінше ушығып, ірі державалар бір-бірін түсінуден қалып бара жатқан кезеңде барғанын айтқан жөн. Елбасы американ президентімен кездесуден кейін өткізілген брифингте «Ресей мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастың деңгейі нөлге дейін түсуі бізді алаңдатады» деп ТМД кеңістігі ғана емес, күллі дүниені бей-жай қалдырмайтын шетін мәселеге назар аударды. Мәскеу мен Батыс арасындағы саяси текетірістен туындаған санкциялар соғысы көрші елдердің де экономикасына кесірін тигізіп отырғаны анық. Халықаралық

тұрлаулы тәжірибені қажет етеді. Кезінде халықаралық дипломатияның хас шебері атанған, АҚШ-тың бұрынғы сыртқы істер министрі Генри Киссинджер мұны шахматтағы жүріс әдісімен салыстырады. Ол «Дипломатия» атты кітабында былай дейді: «Шахматты жанадан үйреніп жүргендерге айтылатын қарабайыр ереженің бірі мынаған саяды: алғаш жүрісті тандаған кезде әрбір ықтимал жүрісте бақылауға алынатын тор көздің санын алдын ала есептемеуден асқан қателік жоқ. Тұтас алғанда, ойыншы неғұрлым көп тор көзді өз бақылауында ұстаса, қарсыласының тандауы да соғұрлым аз болмақ. Сол сияқты дипломатияда тараптардың бірі неғұрлым көп тәсілді иеленсе, қарсы жақтың



Қазақстан Республикасын БҰҰ-ға мүше етіп қабылдау жөнінде қарар қабылдады. Тәуелсіз Казак мемлекетінің туы халықаралық қауымдастықтың төрінде желбіреді. «Біз азатпыз. Тізгініміз өз қолымызда. Енді өзгелермен тереземіз тең» деп қуанды қалып ел.

Ғаламдық мәртебелі ұйымға мүше қабылдау рәсімі одан отыз жыл бұрын өткен еді. Канау мен отаршылдық қамытынан құтылған қара құрлықтың елдері әлемдік қоғамдастықтан өз орнын тапты. Ал Қазақстан арада 26 жыл өткенде осы БҰҰ-ның тұрақты қызмет органы — Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы болып отыр. Халықаралық



жүйенің күйреуімен басталған жойқын дағдарысты еңсеруге, қуатты экономика құруға елеулі үлес қосты.

Халықаралық саясат пен екіжақты экономикалық қарым-қатынас биылғы 16 қантарда Елбасының Вашингтонда АҚШ президентімен өткізген кездесуінде де әңгіме өзегіне айналды. Терең сыйластық, өзара түсіністік жағдайында өткен жылы шырайлы

қарым-қатынас нашарлаған тұста оны шешуге зәрулік туындайды. Танымал саясаттанушы Сұлтан Әкімбеков мұндайда шиеленісуші тараптардың беделді һәм бейтарап бітімгерлі іздейтінін, осы тұрғыдан алғанда, шексізден талайды бітістірген ресми Астананың салмақты да саликалы ұстанымы әркімге де онтайлы деген пікірде. Нұрсұлтан Назарбаев Солтүстік Кореяның ядролық проблемасына қатысты келіссөзге Ресейді шақыруды ұсынды. АҚШ бұған дейін осы түйінді тек Қытаймен бірлесіп шешкісі келген-ді. Алайда қуатты ядролық держава болып табылатын әрі ҚХДР-мен шекаралас жатқан орыс елі бұл іске белсене араласпағандықтан, Американың әрекеті пәлендей нәтиже бере қоймады.

Санкилы содырлардан арылмаған Ауғанстанда тұрақтылықты баянды ету онай шаруа емес. Оның үстіне Ақ үй бүгінде талай жыл бойы сенімді одақтас болған Пәкістанмен дұрдараз. Ресми Исламабад Сэм ағайдың ауған

алпауыт Американың қаржылай ресурсы мен өзге де ықпалды тетіктері кез келгеннің қолында жоқ. Әйтсе де, соңғы жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, ғаламдық шиеленістерді шешуде АҚШ-тың өзі де сөзі өтімді сыйлы бітімгерге зәру секілді. Біз мұны аз мүмкіндіктің өзін ұтымды пайдалана отырып, Иранның ядролық проблемасын шешу, Түркия мен Ресейді татуластыру, сондай-ақ Сириядағы соғысты тоқтатуға ерен үлес қосып, көпвекторлық саясаттың теңдессіз үлгісін көрсеткен Елбасының Вашингтон сапарынан байқадық.

Біз орналасқан «Аффина» қонақүйі әйгілі Бродвейге тақау. Біраз жүріп, Уолл-Стрит көшесіне жетуге де болады. Атақты Нью-Йорк биржасы сол маңда. Қайбір жылы келгенде туристердің ескерткіш-бұқаның мүйізін ұстап суретке түсу үшін кезекке тұрғанын көргенбіз. Солай еткендер табысқа кенелетін көрінеді.



Текнологі индексі 5.555 пункттен 7.261-ге (30.7%) дейін артты. Соңғысына қатысты дерек біз үшін аса маңызды. NASDAQ Шанхай қор биржасымен бірге Астана халықаралық қаржы орталығында жұмыс істейтін болады. Елбасы Вашингтондағы кездесулерде ағылшын правосымен жұмыс істейтін осы орталық туралы американдықтарға толыққанды мағлұмат берді. Ресми ашылуы биылғы жазда өтетін орталықтың қызметі жоғары технологияға негізделген американдық компаниялардың келуімен жандана түседі деген үміт бар.



Срайыл СМАЙЫЛ,
Алматы — Нью-Йорк — Алматы
(Жалғасы бар)

AMERICA



амалы да соғұрлым азая түседі. Сондықтан ол өз мақсатына жету үшін асқан сақтықпен әрекет етуі тиіс. Уақыт өте келе бұл жәйт қарсыластың онымен одақтас болуға ұмтылуына ықпал етеді». Киссинджер осы мысал арқылы АҚШ-тың бір кездері өзімен, тіпті дипломатиялық байланысы жоқ Қытаймен жақындаса отырып, Кеңес Одағын келіссөзге қалай мәжбүрлегенін мензесе керек. Алайда мұндай озық тәжірибенің көпке ортақ бола алмайтын тұсы да бар. Өйткені

Срайыл СМАЙЫЛ,
Алматы — Нью-Йорк — Алматы
(Жалғасы бар)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

— Осыған дейін сырттан тасымалданатын жанар-жағармайдың көлемі азаяды деп айтқан еліміз. Бұл мәселе қалай шешілуде?
— Біз былтыр зауыттарда 14,9 миллион тонна мұнай өңдедік. Биыл 1,2 миллион тонна мұнай артық өңдейміз. Осылайша, елімізді 90 пайыз отандық бензинмен қамтамасыз етеміз. Тек 10 пайызын сырттан импорттаймыз. Сіздер, журналистер, өздеріңіз де білесіздер. Дүниежүзінде сатылып жатқан бензин бағасын көрсететін көптеген сайт бар. Мәселен, сіздер елімізде бензин өте қымбат деп жазасыздар. Мен таяуда бір ақпарат агенттігін шолып шықтым. Онда бензин бағасы бойынша 140 мемлекетпен

Қанат БОЗЫМБАЕВ:

БЕНЗИН ӨЗГЕЛЕРДЕ
ДЕ ҚЫМБАТ

салыстырғанда, Қазақстан 14-13 орында тұр. Бізден де бензинді қымбатқа сатып жатқан 30 мемлекет бар. Біреулер бізді «Еуропамен салыстыруға келмейді» деп айтып жатады. Себебі кәрі құрлықта жалақы көлемі әртүрлі. Әрине, онда бізді Түрікменстанмен де, Иранмен де салыстыруға келмейді. Мұнай өңдейтін бизнес — халықаралық бизнес. Біз Қазақстанда бензин, дизель, әуе керосині өнімдерінің қорын құру туралы үкіметке ұсыныс дайындағалы отырмыз. Бұл мәселе пысықталып жатыр.
— Қарашығанак кен орнынан алып мұнай-газ конденсатын өңдейтін BG Group Plc және Eni SpA компанияларының басшылығындағы консорциумға қарсы 1,6 млрд доллар мөлшерінде талап-арыз жазғаны хабарланған еді. Қазақстан билігі мен консорциум арасында табыс үлесін есептеу бойынша дау туындаған. Осы түйткілді



ОПЕК келісімі аясындағы барлық міндеттемені орындамай жатқанын айтады. Осымен келісесіз бе?
— Қазақстан өз міндеттемесін атқарып келеді. Уәде бергеніміздей, өндіріс көлемін бір деңгейде ұстап отырмыз. Болар-болмас қана көлемде өндірістің белгіленген шектен асып кетуі орын алды. Өткен жылы тәулігіне орташа есеппен 1 млн 720 мың баррель мұнай өндірілді. Шын мәнінде, тәулігіне 1 млн 680 мың баррель мұнай өндіруіміз керек еді. Тәулігіне 35-40 мың баррель өндіру Қазақстан деңгейінде болмашы ғана көрсеткіш. Мәселенің байыбына бармайтындар ғана «Қазақстан өз міндеттемесін орындамай жатыр» деп хабар тарататынын атап өткім келеді. «ОПЕК+» келісімі ұзартылып, ондағы шарт анағұрлым



жеңілдетілген. Еліміз «ОПЕК+» келісімі аясында өз міндетін жалғастыра береді.
— Полиэтилен пакетінен біртіндеп бас тарту туралы ұсынысыңыз қоғамды қызу талқылануда.
— Мен әлеуметтік желіде, соның ішінде фейсбукте «Энергетика министрлігінің полиэтиленнен басқа айналысатын ісі жоқ па?» деген сынайдағы жазбасын оқып тұрамын, әрине. Шын мәнісінде, бірқатар қоғамдық ұйым мен экологтар министрлікке жүгінді. Біз де аталған мәселені зерделеп жатырмыз. Мұндай ұсыныс, ең алдымен қолданыстағы Экологиялық кодекске байланысты. Оған сәйкес, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап полиэтилен және басқа да бірқатар зиянды затты көмуге тыйым салынады. Полиэтилен ұзақ жылдар бойы ыдырамайды, демек, қоршаған ортаға үлкен зиян тигізеді. Қатты желде Астананың сыртына шыққан кезде, ұшып жүрген пакеттерді жиі көруге болады. Біз тыйым салу әдісін қолданғалы отырған жоқпыз. Ең алдымен бұған балама табу үшін халықаралық тәжірибені зерттеп жатырмыз. Егер біздің халық үшін бағасы жағынан тиімді балама болып жатса, онда біз полиэтилен пакеттерін ауыстыру жолымен жүреміз. Қазір бұл пакеттерді тегін таратпау мәселесі қаралуда. Мен әртүрлі өңірде тұрдым. Сонда байқағаным, оңтүстікте пакетті тегін таратады, солтүстікте керісінше сатады. Сондықтан тым болмағанда ортақ шешімге келуіміз керек. Аталған мәселе қоғамдық ұйымдармен бірге ашық талқыланады. Тек содан кейін ғана тиісті шешім қабылданады.

Дайындаған Елдос ӨМІРЗАҚ

Біздің сұхбат

Бүгінде талқыға салынған мәселенің бірі – еліміздің географиясы. Биылғы жылдан бастап ол жеке пән ретінде оқу бағдарламасынан алып тасталды. Енді жалпы география пәнінің ішінде ғана айтылады. Бұған наразылық білдірген бір топ депутат білім және ғылым министрлігіне хат жолдады. Осы жайында нақты білу үшін Парламент Мәжілісінің депутаты Бақытгүл Хаменованы әңгімеге тарттық.

Жас казак: Бақытгүл ханым, бұрын жалпы география пәнін оқитынбыз. Ал «Қазақстан географиясы» жеке пән ретінде қай жылдары оқытылды?
Бақытгүл Хаменова: Қазақстан географиясы 1993 жылдан бастап оқытылып келді. Аптасына екі сағаттан ғана 8-9 сынып оқушыларына. Ал бүгінде министрліктің ұсынған

Бақытгүл ХАМЕНОВА:

БАСҚАНЫҢ ЖАҒРАФИЯСЫН
КӨП ОҚИМЫЗ



ғана бағдарламасында ол жоқ. Манызды мәселені естен шығарып алғандарына қайран қалып отырмыз. Өйткені Қазақстанның

экономикалық және әлеуметтік географиясы мен Қазақстанның физикалық географиясы жалпы география пәнінің ішінде ғана

болып отыр. **Жас казак:** Депутаттық сауалыңызда бұл мәселеге жауапты министрліктің берген жауабы

Сұхбаттасқан Салтанат ШЫРЫНХАН

Түйткіл



Қантардың екінші он күндігінде Жетісу өңірінде ауа райы күрт суытты. Отыны таусылып, салқын үйде тонған тұрғындар бағасы шарықтаған көмірге көл жеткізе алмай әрі-сәрі күйге түскен. Тіпті осыған дейін көмірдің бір тоннасын 13 мың теңгеден алмағандар енді 20 мың теңгеге таппай отыр. Қазір тұрғындар көмірдің қымбаттығына

Қытымыр аяз. Термометр бағамы – 34 градусты көрсетіп тұр. «Жығылғанға жұдырық» демекші, жетісулықтардың отынға қолы жетпей әлек. «Қыстың қамын жаз ойламаған» Алматы облысының тұрғындары көмір қоймаларын күндіз-түні күзетіп, ұзын сонар кезекте тұр. арасынан тас та, ұсақ үгіңділер де шығатынын айтқан жұрт көзбен көріп, тандап алу мүмкіндігінің жоқтығына ызалы. Көмір жеткізушілер де тасымал құнын өзі белгілеп алған. Бұрын қала ішіне жеткізу құны 3 мың теңге болса, қазір – 10 мың теңге. Ал қала сыртындағы ауылдарға апару үшін 20-25 мың теңге сұрайды. Талдықорған қаласы әкімінің баспасөз хатшысы Данияр Жаныстын айтуынша, құз басында көмір тапшылығы болғанымен, қазір Талдықорған қаласы бойынша ондай мұқтаждық жоқ. «Өткен

КӨМІР ҮШІН КҮРЕС



емес, тапшылығына аланд аулау. Қалада көмір әкелінген күні лезде таусылады. Түн ортасында жеткізілген отынды сарыла күтушілер таң атқанша талап әкеткен. Талдықорған қаласының тұрғыны Дидардың айтуынша, көмір қоймасының қожайындары мен қаладағы темір-терсек қабылдайтын орындар ымыраласып алған. Соңғылары келген көмірді тасымалдап, оларды қаппен сатуға дөніккен. «Қақаған қыстың суығы болса мынау. Халыққа көмір сатып алу деген мұн болды. Кезек көп, көлік кіріп болғанша көмір де таусылып қалады. Ардадағы алыпсатарлардың дәурені жүріп тұр. Оған қоса, тасымалдаушылар да бағасын көтеріп жіберді. Ал жекеменшік кәсіпкерлерден бір қап көмірді мың теңгеге сатып аламыз. Одан әрі кетсе екі шелек шығады» — деп мұның шақты қала тұрғыны. Сонымен қатар, көмірдің сапасының сын көтермейтінін,

аптада, яғни 15-18 қантар күндері 357 вагон көмір әкелінді. Күніне 3-4 вагон жеткізілуде. Әр вагонда 69 тонна болатынын ескерсек, бұл әкелініп жатқан көмір Талдықорғанды қамтамасыз ете алады. Тек шалғайдағы ауыл тұрғындары өздері «ҚамаЗбен» келіп әкететіндіктен, кейде қалаға жетпей жатады. Ал әкімшілік тарапынан «Қазақстан теміржолымен» байланыста болып, үздіксіз көмір жеткізіліп тұруына жағдай жасай аламыз. Пункт иесі шахтаға ақшасын төлеп, тікелей өзі сататын болғандықтан, көмірдің бағасы мен басқасын басқару біздің құзырымызда емес», — дейді ол. Қазіргі таңда жергілікті билік бұл мәселені шешу үшін көмір алушыларға шектеу қойған. Бір адамға бір тоннадан артық сатылмайды.

Лина АЙДЫНҚЫЗЫ, Алматы облысы

Мәселе

Жолаушы тасымалдайтын компаниялардың жауапкершілігін арттыру керек. Ақтөбедегі 52 адамның өмірін жаламаған жантүршігерлік оқиғадан соң, әйтеуір бір депутаттың сауал жолдауға дәті барды. Оның өзінде дайындығы нашар болды ма, әйтеуір, өзөр оқып берді. Сәрсенбі күнгі Мәжілістің жалпы отырысынан соң Құдайберген Ержан үкімет басшысына депутаттардың лебізін жеткізді.

емес, «лұрыс дизель құйындар» деп салды. Энергетика министрі «Егер аязды күні көлік өшіп қалса, бұл отынның сапасыздығын білдірмейді. Дизельдік отынды климаттық жағдайға қарай қолдану керек. Егер жүргізуші Шымкент мұнай өңдеу зауытынан шыққан дизельді сатып алса, мұндай отынды құйып 25 градустан төмен температурада, әсіресе, солтүстікке шықпауы керек. Сарандық танытудың қажеті жоқ» — дейлі. Ақтөбелік мамандардың да айтар уәжі бар. Көлікті бақылау инспекциясының автобустарға тексеру жүргізетін құзыреті осыдан үш жыл бұрын алып тасталған. Тек Қалыбай ауылының маңындағы қайғылы оқиғадан соң бақылау инспекциясының қызметкерлері полициямен бірлесіп,



Ержан Құдайбергеннің айтуынша, жолаушы тасымалдаушылар автобусты жаңалау былай тұрсын, жөндеу шығынын да азайтып, ескі-құскы көлігімен жолаушының өмірін қауіпке тігіп, тәуекелге бел буып жолға шығады. Ал автобустар жолда апатқа ұшырағанда көбіне жүргізушіні жазаға тартады. Көлік компаниялары жауапкершіліктен басын алып қашады. Депутат осындай жағдайды ескере отырып, транспорттық компаниялардың жауапкершілігін күшейту керек деп отыр. Республикалық, облыстық деңгейде жан-жақты іс-шара ұйымдастырып, автокөлік құралының техникалық жағдайына қатаң талап қойып, көліктің қолдану мерзімін шектеп, тіпті автобус жүргізушісінің денсаулығын тексеру шараларын бақылауды күшейту қажеттігі айтылды. Мәжіліс депутаты осыған орай бір аз дерек келтірді. Былтыр күзде Ақмола облысында қоғамдық көлік жүргізушісінің жүрегі тоқтап қалса, Ресей аумағында қазақстандық автобус пойызбен соқтығысып, 18 адам қаза тапты. Энергетика министрі Канат Бозымбаев та қарап отырмай, жүргізушілерге кеңес айтты. Министр алыс жолға аттанарда Шымкенттен шыққан сұйық отынды

Самара — Шымкент бағытындағы күре жолда қалааралық, халықаралық автобустарды тексеруді бастады. Техникалық жағдайынан бастап, барлық құжаттары қаралады. Ақтөбе облыстық көлікті бақылау инспекциясының жетекші маманы Сұлтан Мұсағалиев «Соңғы кездегі жаңалыққа қатысты мемлекеттік органдармен арнайы шара басталды. Ол акцияның мақсаты — жолаушы тасымалдаушыларға бақылауды күшейту. Техникалық бақылау, сақтандыру, басқа да құжаттарын тексеріп жатырмыз. Қарапайым жолаушылардың аты-жөні жазылған арнайы журнал болу керектігін де білмейді», — деп қынжылды. 52 адамның қазасы үкіметті де, барлық мекемелерді де ойlandsырған секілді. Тіпті Бас прокурор да жолаушылардың қамын ойлап, қарамағындағыларға «тасымал саласын тексеріңдер» — деп тапсырма берді. Естеріңізге сала кетейік, 2018 жылдың 18 қаңтарында Ақтөбе облысында жолаушылар автобусы өртеніп, салдарынан 52 адам қаза болып, 5 адам түрлі дәрежедегі жарақат алды.

Бейсен НАРЫНБЕК, Астана

Жыл құсы сияқты: жазда қаңғырып кетіп, қайыр тілеп күнелтетіндердің көбі күн суытса, осында қонақтайды екен. Үйсіз адамға бұл да әжептәуір баспана. Күн сайын май шайнап, қазы-карта жемесе де, аштан өлтірмейді. Бізді орталық қызметкерлері өздері ертіп жүріп аралатты. Кәрі-жасы аралас. Жүздері сынық. Жатақхана тәртізді салынған үлкен залдың босағасына дейін екі қабат төсек қойылған. Біз бірінен-

Аяз айтып келді. Апта басынан бері басталған сарышунақ аяз қазір көріне мініп-ақ тұр. Алматының ылғалы -25 градусың өзін көтере алмай, сақ-сақ күледі. Шаһардағы үйсіз-күйсіздерге баспана болған бейімдеу орталығы аузы-мұрнынан шығып жатыр. 180 адамға шақталған мекемеге қазірдің өзінде 200-ге жуық қаңғыбас тұрақтаған. Аяқ-қолы үсіп, далада қалып, жансақтау үшін келіп жатқандары қаншама?! Базар мен теміржол вокзалдарын жағалап, күнделікті нәпақа тауып жүргендер де қара суықтан тоңып, осында ағылыпты. Қарлы-боранда тапқан баспанасы бұл.

Руслан Сикымбеков деген композитор түскен. Ол Макпал Жүнісованың бірнеше әнінің авторы екен. Ол жігіт те көп тұрақтаған жоқ. Ондай намысты кісілер мұнда көп жатпайды» деп түсіндірді. Ал Айнагүл Жаскеленова бізге Қарағандының бұрынғы милиция мектебін оқыған әйелдің осында жатқанын жеткізді. 49 жастағы Гүлзира Таласбаеваны фотокамерадан жүзін жасырып отырды. Сөзге сарандау кісі екен. Бірақ тағдырының қалай тас-талқан болғанын баяндап берді. «Қарағандыдағы милиция мектебін бітірген соң, зангер болып бірнеше жерде жұмыс істедім» деп бастады



АЛМАТЫНЫҢ

бірі үлкен, бірінен-бірі адамдарымен өзгеше төрт залға кіріп шықты. Алғашқы екеуінде жатқандардың қыры сына қоймаған, сергектеу көрінді. Үшіншісіндегілер де

әңгімесін. «Былтыр үйім өртеніп кетті. Сол жолы барлық құжатымнан айырылдым. Содан кейін, міне, мынадай жағдайға тап болдым. Күзден бері осында жатырмын. Құжатым қалпына келсе, жұмыс тауып істесем деген ойым бар», — дейді.

Баспанасыздардың басында алуан тағдыр бар. Қайсыбірін айтып тауысасыз?! Осында келіп, бірімен-бірі танысып, табысып жататын ерлі-зайыптылар да бар. Үш рет түрмеге түсіп шыққан қандықол да жүр арасында. 14 жастағы қызды зорлаған азғын да әлгі 200 міскіннің арасында отыр. «Алтын алқа» иегері — көпбалалы ана бауыр еті балаларына сыймай, осында



сондай. Бұл залда жатқандар күндіз жұмыс істеп, кешке қоналқаға келеді екен. Ал төртінші залды өзіміз «тілеп» алдық. Жол бастап жүргендер «Онда «карантин». Кірмей-ақ қойыңыздар. Ол

«ЖЫЛ ҚҰСТАРЫ»

залдағылар мүгедектер» деп ескерткен еді. Қояр да қоймай кірдік. Үлкен есігін ашқаннан-ақ қолқаны қабатын ашы иіс бетке ұрды. Төрге озбай босағадан қайтуға тура келді. Өйткені аяқ басатын жер жоқ. Оның үстіне кетеуі кеткен жандардың қасына жақындаудың өзі, шындығын айтқанда, қиын. Есік көзінен фотокамерамызды туралап бірнеше кадр алдық та, кері шегіндік...



Бізді қарсы алып, жол бастап жүрген Жанна мен Айнагүл бір жылдан бері осында жұмыс істейді. Жанна Жакыпбекова орталықта осы уақыт аралығында кімдердің паналағанын айтып берді. Ол «Мұнда Сапарбай Арынов деген физик болды. Жуырда кетіп қалды. Цыганов деген спортшы бар еді. Оны жақындары алып кетті. Т.Жүргенов академиясын бітірген



тұрақтапты. Ауған соғысына қатысқан екі батырды кездестірдік. Бірі — қазақ, бірі — орыс ұлтының өкілі. 55 жастағы Александр Сергеевичпен тілдестік. Өз өмірін өзі құртқанына қатты өкініп отырғанын айтады. «Ауған соғысының ардагерімін» деп айтудан ұяламын» дейді. Екінші ардагер бізге сұхбат беруден үзілді-кесілді



бас тартты. Біз де қыстай алмадық.

Келген ізімізбен кері қайтып бара жатқанбыз. Есік көзінен орталық қызметкерлерінің тағы екі қаңғыбасты әкелгенін байқап қалдық. Біреуі қолын жайып ақша сұрады. Біреуі улай мас.

Аяз қысқан Алматы қалтырап тұр. Ал орталықты паналаған жандар жыл құсы сияқты көктемде «ұшып» кетеді.

Жарас ШӨКЕ,
Салтанат ШЫРЫНХАН

КӨКЕЙКЕСТІ

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Оқшау ой

**Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды.
Дем алысы үскірік, аяз бен қар,
Көрі құдаң қыс келіп, әлек салды, —**

деп Абай атамыз жырлағандай, қыс қаһарына мінді қазір. Көк жәшіктен ауа райы туралы репортаждар құдды майдан даласынан дерсің. Сайттар ол, бір-бірімен жарысып. Ит пен мысық тұрмақ, қоянды да қатырып тастады. Бір жағынан ойлайсың, қалада неғұйп жүрген қоян деп... Біреу-міреумен сөйлесе қалсаң да, өмірі қыс көрмегендей дірдек қағады. «Не боп кетті өзі» деп сенен сұрайды.



Синоптиктер аман болсын. Не болғанын тәптіштеп түсіндіріп береді. Жұртты сүмен қактырған суық ауа сонау Солтүстік мұзды мұхиттан келіпті. Арктикада жүргендей күй кешкеніміз содан. Қысқасы, айтылып жатқан сөзге сенсек, бұған дейін біздің ел аязды күндерді бастан өткермеген. Кейбір ақпарат құралдары мұндай қақаған суықтың соңғы рет қай кезде болғанынан хабарлар. Мәселен, еліміздің оңтүстігінде ең төменгі температура (—26 градус) 1927 жылдың 22 қантарында тіркелген көрінеді (бәлкім, Шымкенттің шырайлы атануының бір себебі осы шығар). Енді біреулер 100 жылдан бері мұндай суық болмаған деп соқты. Кім тексеріп жатыр? 100 жыл тұрмақ, 10 жыл бұрынғы қысты еске түсіре алсақ та жаман болмас.

Бұрын ше? Қысын қыс сияқты еді. Жұрт жылы киімін, отынын сайлап сакадай-сай отыратын. Картобы мен пиязын тасып қоятын. Бала біткен

шанасын сүйретіп, жакын мандағы төбешікті айналсоқтап жүрмейтін бе еді? Үлкендер «Е, күннің жаманы кетер, адамның жаманы кетпейді» деп ыстық шайын сораптай түсетін.

Жарты ғасыр да өткен жоқ, аннан-мыннан келетін циклон, антициклонды андитын болдық. Бораны ұйтқып, аязы — 40 градустан асатын аймақтарда «сак болындар, жолға шықпаңдар» деп ескерту жасалатыны түсінікті. Ал оңтүстік астанада «-25 градус аяз басталады, үйден шықпауға тырысындар» дейтін ескертуге не жорық? «Бас киім мен қолғап киіндер, бөкебайды да ұмытпаңдар» дейтін түрлі кеңесті естігенде күлесін. «Бүгін — 32 градус, бірақ — 42 градус сияқты сезіледі» деген ауа райы мәліметін оқығанда жылайсын. «Алматы қаласында -25 градус қатқак күтілуде» деген sms-ке қыңк етпейтін халге жеттік.

Гүлнар АХМЕТОВА

Анығы мен қанығы

Жуырда отандық бір телеарнада «Шығыс Қазақстан облысында алты жасар бала наркодиспансерде есепте тұр» деген ақпарат таратты. Іле-шала кейбір сайттар сүйінші сұрағандай жаңалықпен бөлісті. Мәселенің анық-қанығын білу мақсатында, сол өңірдегі жергілікті тілші Оразай Жеңісұлы орталыққа барды. Шынтуайтында, жағдай мүлдем басқаша болған.

АЛТЫ ЖАСАР «МАСКҮНЕМ» ТУРАЛЫ АҚИҚАТ

Біріншіден, «аты шулы» алты жасар жеткіншек наркологиялық диспансерде осыдан үш жыл бұрын емделіп шыққан. Әуелі жедел жәрдем ауруханасына жеткізілген баланың жағдайы туралы орталыққа полиция қызметкерлері хабар берген көрінеді. Тексеру барысында жеткіншектің ішімдік ішкені нақтыланған. Бұл жағдайдың бұрын да әлденеше рет қайталанғанын әңгіме барысында жеткіншектің өзі де растаған екен.

Екіншіден, жеткіншектің анау айтқандай маскүнемдікке салынған дөнемесі жоқ. Балаға бас-көз болған жасөспірімдер дәрігері Манап Калиев жеткіншекке маскүнемдік диагнозы қойылғанымен, оның ашы суға тәуелділікке ұрына қоймағанын алға тартып отыр. Бұл бар болғаны ата-ананың беіберекеттігінен орын алған келеңсіздік екен.

Дәрігер баланы ата-анасының келісімі бойынша бақылауда ұстағанын айтады. Себебі ол емдік шараларға мұқтаж емес еді. Сол себепті стационарда алып қалудың жөні болмаған. Алайда амбулаториялық бақылауды жыл бойы тоқтатпаған. Ай сайын жеткіншектің үйіне барып, жағдайын біліп отырады. Психолог та үздіксіз жұмыс істейді. Жыл өткеннен кейін баланың жағдайы жақсы болғандықтан «тәуекел тобынан» босатылды.

Осындай оқиғаның облыста екінші рет қайталанып отырғанын айта кетуіміз керек. Бұған дейін Ридлер қаласында ашы суға масайған жеті жасар бүлдіршін ауруханаға жеткізілген болатын. Тексеру барысында қан сараптамасынан алкоголь мөлшері табылғанын жергілікті дәрігерлер растады.

Кейінірек бұл жайға үйіндегі үлкендердің қатысы бары анықталған еді.

Манап Калиевтің айтуынша, облыс көлемінде осыған ұқсас жағдайда келіп түсетін жеткіншектер саны аз емес. Соңғы бес-алты жылда бұл көрсеткіш жоғарыламаса, төмендегенін ол қынжыла жеткізді.

Дәрігер «Бастапқыда орталыққа тек ішімдік пен шылымға ден қоя бастаған жасөспірімдер қаралуға келетін. Бергі жылдары мектеп оқушыларының арасында насыбайға әуестік пен токсикомания белең ала бастады. Онымен де аз күреседік. Героиннің кесіріне ұрынғандар да болды. Қазіргі таңда парегенератор деген шықты. Оны өздері «электрондық шылым» дейтін көрінеді. Бірақ ол көз алдау. Шындығында, ол қалтадағы қалыян. Құрамында наша қоспалары бар. Ендігі сәтте алда нендей пәленің шығарын болжау қиын», — дейді.

Маман зияндай әдетке үйір болған дені 13-16 жас аралығындағы жеткіншектер екенін атап өтті. Олардың басым бөлігі толық емес отбасылардан шығатын көрінеді. Салауатты өмір салтынан іргесін жырақ салған үй баласының өз болашағын құртып алуы оңай екеніне көзіміз жетті.



МАЗАСЫЗ МҮЙІС

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

«Бір кем дүние»

(Басы 1-бетте)

Жөн сұрасудан сон қаламгер бізді өзінің бөлмесіне бастап жүрді. Лифт арқылы үшінші қабатқа көтеріліп, аурухананы еске салатын ұзын дәлізбен жүріп отырып, әріптес аға тұрақтаған бөлмеге келіп кірдік. Жайлы етіп жинастырылған екі кісілік шағын ғана бөлме екен. Шкаф үстінде Агата Кристи, Жюль Верн, Николай Гоголь сынды әлем әдебиетінің жауһар мұрасымен қатар, Шәмші Қалдаяқовтай сазгер, қайраткер тұлғалардың кітаптары мен жинақтары да ұқыптап жинастырылыпты. Дастарханда кара шай құйылған саптыаяқ, кант пен май, көмпит. Иә, бұл жерде барлығы қарапайым. Бірақ, соған қарамастан, кейіпкеріміздің көңіл-күйі көтеріңкі. Басқалай мінез көрсетуге амалы да жоқ. Себебі... барлығына көндіккен сынайлы...

Біздің келген жеріміз — Астана қаласының «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы. Түсінікті тілмен айтқанда, қарттар мен мүгедектер үйі. Өздеріңіз де іштей сезіп отырғандай, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, бұрынғы «Лениншіл жас» газеті бас редакторының орынбасары, танымал журналист-жазушы, аудармашы Мәткерім Әкімжановтың бүгінгі тұрағы осы жер.

— Бұл жерді өткен жылдың қыркүйек айынан бері қоныс етіп келемін. Адамның өмірінде әртүрлі жағдай болады. Бұл да менің басым түскен сынақ болар. Алғашқы жарым Нұржамал өмірден өткеннен кейін, екінші рет отбасын құрдым. Нұржамалдан Қанат пен Шынар есімді 2 бала сүйсем, кейінгі келішегім Әниядан (шын есімі- Анна. — авт.) Әсел мен Данияр есімді қос перзентті болдым. Сөйтіп, екінші жұбайыммен 1998 жылы Астанаға көшіп келдік. Алматыдағы пәтерімді сондағы қызыма қалдырдым да, Астанадағы пәтерді кенже ұлымның атына жаздырдық. Сол пәтерімді жұбайым маған айтпастан, ұлына өз кеңесін беріп сатқызып жіберіпті. Дәл қазір баспанам жоқ, бірақ пәтер кезегінде тұрмын, — деп күмілжі жауап берді қария сауалымызға.

Кейіпкеріміз айтқан мекен-жай бойынша бағыт алдық. Әжептәуір ұзақ жол екен. Қолымыздағы мекен-жайы көрсетілген қағаз бізді Астананың шығаберіс шет жақ бөлігінде орналасқан, сырттай қарағанда аурухана іспеттес ғимаратқа әкеліп тіреді. Мекеме есігін имене ашып, төмендегі кезекші апайға келген шаруамызды баяндадық. Аз-маз мәлімет алмасудан кейін кезекші кейіпкерімізге телефон шалып, біздің келгендігімізден хабардар етті. Арада 2-3 минут өткенде үстіне сәнді костюм мен жарасымды жейде киіп, галстук тағынған, көзінде көзілдірігі бар сыры кетсе де, сыны кетпеген ақ шашты ақсақал келіп жөн сұрасты. Жылұшырай тіл қатқан таныс та бейтаныс адамның өзін ұстауы мен сөз саптасынан зиялылықтың лебі еседі. Іздеген кейіпкеріміз осы кісі еді. Мәткерім Әкімжанов!



Мәткерім Әкімжанұлы өткен ғасырдың 60-жылдары Алматыдағы Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқып жүріп, «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетіне жұмысқа орналасады. Ыждаһатты жұмысы мен тынымсыз еңбегінің арқасында қарапайым тілшіден бас редактордың орынбасары қызметіне дейін көтеріледі. Қазақ баспасөзінің реформаторы Шерхан Мұртазаның бірге, бірі — бас редактор, екіншісі — орынбасар болып абыройлы қызмет етеді. Ұлттық



балалы-шағалы. Әрқайсысының өз отбасы, тіршілігі бар. Үлкен ұлым — Қанат Тараз қаласында тұрады. Үш қабатты коттеджі мен бірнеше мейраханасы бар. Алайда осы бизнесі үшін ірі көлемдегі несие алып, қазір қарызға белісінен батып отыр. Обалы не керек, «үш қабатты үйдің бір бұрышынан орын табылады, осында келіп тұр» деп шақырудай-ақ шақырады. Бірақ ол жаққа барғым жоқ. Келіншегі жайсыз. Қайын атасын үлкен деп сыйламақ былай тұрсын, тіпті адам санатына қоспайтын келіннің қытмыр мінезіне төзе алмаймын. Арасында, 2-3 жылда бір рет немерелерімді сағынғанда барып тұратыным болмаса, жалпы олармен көп араласа бермеймін. Бір кезде Алматыдағы үлкен қызымның үйін паналамақ болып иешікен едім, ол жақтың ауа райы денсаулығма жақпады. Содан амалсыз Астанаға қайтып оралдым. Мұндағы қызымның өз отбасы бар. Кенже ұлым Данияр үш баласымен 1 бөлмелі пәтерде тұрып жатыр. Олардың қалайша тынышын кетіремін. Салмақ салғым келмеді. Сондықтан осы жерге келіп тұрақтадым. Бұл жақтың жағдайы жақсы, тамағы дайын. Ойлануға, шығармашылықпен айналысуға жақсы орын. Ішінде үлкен кітапханасы да бар. Қалаған кітабыңды алып оқуға болады. Өткенде кітапханашымыз еңбек демалысына шығып, бүгінде біраз уақыт

журналистиканың көркеюіне барынша үлес қосады. Кейіннен «Мектеп» баспасына директор болып тағайындалып, бұл жерде де біршама жыл жемісті еңбек етеді. Жауапты қызметтерді атқара жүріп, көркем аудармамен де айналысады. Шығармашылық иесінің табандылығы мен ізденістігі арқасында казак оқырманы Николай Гогольдің «Өлі жандар», Геннадий Голышевтің «Саяқ», Майн Рилтің «Оцеола — семиналдар көсемі», Стэн Томпсонның «Кішкентай жабайылар», Уильям Фолкнердің «Сартorius», «Аю», «Аруақты қорлау», Анатолий Безруковтың «Қылмыскерлер» және тағы да басқа шығармалармен ана тілінде қауышты. Елбасы шығармаларының көптомдық жинағының 5-ші томының көркем аудармасы да біздің бүгінгі кейіпкеріміздің маңдай терінің жемісі. Қазақ әдебиеті мен руханиятына, мәдениетіне осыншалықты мол рухани еңбек сіңірген қаламгердің бүгінде барар жер, басар тау таппай, қарттар үйін мекен етіп жүргені, әрине, көңілге қаяу түсіреді. Мұндай сәтте тіл ұшында тұрған сұрағымызды іркіп қалуды жөн көрмей, жазушыдан балалары жайында сұрадық.

— Құдайға шүкір, бүгінде төрт баламның төртеуі де отбасылы,



алған кезде ара-тұра сыйлығымды алып, осы жақта тұратын ұл-қызымның үйіне барып, немерелерімді көріп мауқымды басып қайтамын. Жігі болмаса да, арасында хал сұрасып тұратын сыйлас достарым, жанаһыр таныстарым қонақ болып келіп қалған кезде кейде қатты қысылатыным бар. Өйткені бұл жер тек қарттар үйі ғана емес, мүмкіндігі шектеулі жандарға көмек көрсету орталығы қызметін де қатар атқарып келеді ғой. Қонақтың алдынан арбаға таңылған адамдар, өзін ұстауы ерекше

жаралы. Өзіне ғана тән, өзіне ғана тиесілі ішкі муң-сыры, трагедиясы бар. Ашылып айтпағанымен, күрсінісі көп нәрсені ұғындырады. Соған қарап кейде көп дүниені түсінгендей боламын, — деп бір күрсініп алған қаламгер әңгімесін қайта жалғады.

— Зейнетақы деісің бе? Тәубе! Зейнетақым жаман емес, өзіме жетеді. 41 жыл 6 ай еңбек өтілім бар ғой. Оның үстіне, жасапты қызметтерде жүргеннен кейін, зейнетақым жақсы, 108 мың теңге аламын. Оның 60 мыңын



науқастар, ақ халатты дәрігерлер ұшырасқанда, аздап ыңғайсызданып та қаламын. Бірақ қонақ кунде келе бермейді ғой. Оның үстіне, қазір үйреніп те кеттім. Осы кезде есік қағылды да, іле арғы беттен жүзіне бір риясыз балалық күлкі тұнған 45-50 жас шамасындағы әйел адам бейнесі көрінді. Ұлты орыс. Қолындағы жалғыз дана апельсинін: «Досым, саған әкелдім, жеп ал!» деп аса бір мейірбандықпен көршісіне ұсынды. Өзінің аяғын қинала басып, ауырлау қимылдағанында шаруасы жоқ. Бастысы — жанындағы жақсы көретін көршісіне барынша жақсылық жасағанына мәз. Өзінің де қамқорлыққа мұқтаж екендігіне қарамастан,

мына орталыққа төлеймін де, қалған ақшаны ретіне қарай жұмсаймын. Арасында балаларыма көмектесіп, немерелеріме де сыйлық жасап, қуанытып тұрғанды жөн көремін. Одан кейін орталықтың асханасында дайындалған тамақтан жсалығып, кейде бір үйдің тағамын жегің келетін де кездер болады. Қазы-қарта, жал-жасаян, құрт пен қымызды аңсайсың. Сондай кездерде базарға барып ет, картоп, сәбіз, ірімшік, айран сынды азық-түлік түрін қалауымызға қарай сатып әкелеміз де, осы жердегі қызметші қыздарға пісіртіп аламыз. Сондықтан дастарханға қойылатын тамақтың түрін өзіміздің қалауымыз бойынша дайындапты, бөлменің ішіне барынша туған үйдің атмосферасын беруге тырысамыз.

Егер мен пәтер жсалдап тұрсам, мұның бірі де болмас еді. Әрине, шығармашылыққа тыныштық, оңашалық жақсы. Бірақ ер адам, оның үстіне үлкен кісі болғаннан кейін тамағың уақытында жасалып, кір-қоңың жуылып тұрмаса, қиындау болады. Одан бөлек бұл жерде ем-дом қабылдау, тіс емдету процедуралары, моңша, бассейн, түрлі массаж және тағы басқа да әлеуметтік қызмет көрсету тегін. Осының барлығы егде тартқан адамдар үшін өте ыңғайлы.

Ал енді үйге қойылған кезегімің қашан келетінін білмеймін. Жақын арада жетпейтін де болуы керек. Бірақ үйім жоқ деп қарап отыруға болмайды ғой. Кітап оқып, күнделікті газеттермен танысып, шығармашылық жұмыстармен айналысып, өзінді барынша дамытуға тырысып жатырмын.

— Шығармашылық деп қалдыңыз. Бұл жағы қалай болып жатыр? Жазу жазып жүрсіз бе?

— Компьютер теруге иорқақтаумын. Теру жылдамдығым өте төмен. Ондайда кіші қызым Әсел көмектеседі. Қазақ мектебін бітірген ғой, сауатты. Сондықтан қолжазба түрінде ара-тұра жазуға талпынып қоямын. Бірақ әзірге өндіріп жазса қойған жоқпын. Ада шығармашылық жұмыспен айналысып, түртіп жүрген ойларымды, естеліктерімді пысықтап, жақсы бір көркем, оқылымды дүниеге айналдырсам деген жоспар бар. Ол енді болашақтың еншісінде.

Қаламгердің іші шерге толып қалса керек, бізбен бірнеше сағат бойына тоқтамастан, үзіліссіз ұзақ әңгімелесті. Бауыржан Момышұлы, Кемел Тоқаев, Тауаман Аманодосов сынды қазақтың біртуар қайраткер ұлдарымен пікірлес, сыйлас болған сәттерінің есерлі де тағылымды әнгімелерімен бөлісті. Қоғам, замана жайлы ойларын ортаға салып, жан-жақты қырынан ақтарылды. Біз болсақ үнсіз ғана тындап, қажетті тұстарын көңілімізге тоқып отырдық. Сыр сандықта жасырынған сыр көп екен. Пернесін басып көруге тырысқанымызбен, біразы әлі де айтылмай, ақсақалдың кеудесінде қалды. Оны тықтапты сыртқа шығаруға біз де тырыспадық.

Уақыты келгенде мөдірлеп өзі-ақ ақ қағаз бетіне төгілер. Сонда кітаптан оқып алатын болармыз. Әзірге қаламгерден шығармашылықтан жырақ кетпеуін ғана өтіңдік. Ақсақал да: «Жарайды!» — деп үнсіз басын изеп қала берді.

...Жазушымен қысқа қоштасудан кейін сыртқы есікті бетке алдық. Шығар есікке дейін ағайдың өзі шығарып салды. Есікті ашып, тысқа шығуға оқталып едік. Астананың — 40 градус аязы жүзімізді қарып өтті. Өмір онсыз да қысқа ғой, жанымыз тоңғандай күйі кешікті... Жакындарымызға мейірімді болайықшы...

Назерке РЫМБЕКҚЫЗЫ, Астана
Фото: автордікі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қаламгердің Таразда ауқатты ұлы тұратынын естіген соң, телефон нөмірін тауып хабарласқан едік. Біраз мәселенің мән-жайын айтып берді.

— Қанат аға, амансыз ба! «Жас казак» газетінен хабарласып отырмыз. Сізге қояр бірнеше сұрағымыз бар еді. Мәткерім Әкімжанов деген кісі сіздің әкеңіз екен ғой?..

— Иә, ол кісі менің әкем. Бірақ биологиялық жағынан ғана.

— Әкеңіз Астанада «Шарапат» деген қарттар үйінде тұрып жатыр. Біздің меншікті тілшіміз

сол орталыққа барып, әкенізбен жолығып кайтты. Ол кісі «Баламның үш қабатты үйі бар. Бірақ ол жерге сыйсыпсыз» — делі. Сұрағымыздың төркінін өзіңіз де түсініп отырған шығарсыз?

— Мені нағашы атам мен апам асырап алған. Қазір Таразда тұрамын. Құжат бойынша аты-жөнім басқа, яғни ол кісінің атында емеспін. Шеше жағымның тегі берілген.

— Сонда толық аты-жөніңіз қалай?

— Қанат Сабыржанұлы Сейіткереев.

— Әкенізбен қарым-қатынасыңыз қалай? Сіздің үйге келіп тұра ма? Араласып тұрасыздар ма? Біз белгілі журналист, бұрын «Лениншіл жас» газетінде қызмет атқарған ардагер әріптесімізге «қарттар үйіне қалай тап болды» деген мәселемен барғанбыз. Сонымен қатар көптеген сайт «Ауқатты балалары бола тұра, қарттар үйінде тұрады» — деген ақпарат таратуда.

— Кезінде бұл кісі шешеммен ажырасып кеткен. Өзге әйелмен отбасын құрды. Біраз уақыт араласпадық. Мен де есейіп Таразға тұрақтадым. Осы соңғы 10 жылда ғана араласа бастадым. Өзіңіз де білетіндей, қаншама жылдар бойы көрмеген әкемді бірден бауырға басып кете алмайтынымыз тағы бар. Оның үстіне бүгінде мен де біраз жасқа келдім. Дегенмен ол кісіге ешқандай өкпем жоқ. Керісінше, осы өмірге әкелгеніне рахмет айтамын! Өмірде әртүрлі жағдай орын алады емес пе?! Әке-шешем мен дүниеге келгенде студент болған екен. Шешем оқуын тастап кетпей, жалғастыруы үшін ата-апам қолына алған. Өзімің әке жағымнан туған ата-әжем қараудан бас тартыпты. Сөйтіп, нағашы атамның інісі мені асырап алып, өз тегін беріп, туу туралы куәлігім ауысып кетті.

— Бала кезіңізде әкенізбен қарым-қатынасыңыз қалай болды? Қазір

кітапханашылықпен айналысып жүргенім бар, — деп сыр ашты ақсақал.

Ақсақалдың сөзін бөлмей, әрмен қарай тыңдадық.

— Әрине, бұл жерде бәрі жақсы. Орталықтың қызмет көрсетуі де көңілден шығады. Бірақ қанша жерден алтынмен аптап, күміспен күлтесен де, туған үйдің орнын ештеңе алмастыра алмайды. Немерелерімді сағынамын. Зейнетақымы

өзге біреудің жағдайын ойлап, жанашырлық танытып жүрген мына бір науқас келіншектің әрекеті расымен-ақ көңіл елжіретеді. Қарап отырып... өзінің жақындарына, айналандағы адамдарға деген немқұрайлылығын үшін ұяласын да, ойланасын да. Жүзіне мейірім тұнған осындай жандардың мықтылығына, күрескерлігіне, қайсарлығына риза болып, дертіне шипа тілейсін. Шексіз, шетсіз ой құшағында тұрып, өзінің бүгінгі жағдайын үшін тәубе дейсін.

— Иә, бұл жердің адамдарының барлығы осындай. Жаны ашып, жалпылдап тұрады. Адамның жанын жақсы түсінеді. Жаралы көңіліңе аялай қарайды. Өйткені оның да жаны



Өткен күннен белгі бар

1984 жылдың көктемі.

Жазушылардың шығармашылық үйіндемін. Жасымның елуге толуына байғаы етіп «Жазушы» баспасы шығарып бермек жаңа әңгімелер жинағымның қолжазбасын қайта қарап, алып-қосып дегендей, соңғы сұрыптауымнан өткізіп беруге кіріскенмін. Қолжазба баспаның кестесінде тұр, тамыз айына дейін баспаханаға терімге жіберілуі қажет. Сол шаруам үшін шығармашылық үйінен оңаша бөлме алғанмын. Бқшам қолмәшінкемді ала келгенмін, түннің бір уақытына дейін соны тықылдатып отырамын. Таныс, жолдас-жора қаламдастар кеште қылдырысқа немесе бильярд ойнауға шақырады, ал менде уақыт аз.

Дегенмен, бірде кешкісін, мойным босанқыраған кезде, астыңғы қабатта жазушы ағамыз Тәкен Әлімқұлов екеуміз шахмат ойнап отыр едік, әдетінше ашық-жарқын сөйлей Тахауи Ахтанов ағамыз келе қалды. «Ғаббас, сен кезекті маған бере тұр, Тәкенде әнеүгүні есем кетіп еді, бүгін әуеселесін көріп алайын!» — деп әзілдеп, бізбен қолдасып сәлемдесті.

— Қылдырып келдің бе, әлде жатуға жеткенің бе? — деді Төкен.

— Бір аптаға ғана келдім, бір срочный жұмыс боп, — деді Тахан.

— Ә, онда әлі де талай есен кетеді, асықпа! — деп Төкен күлді.

— Көгерміз, — деп Тахан да күлді.

Төкен екеуміздің ойнымыз аяқталып қалған, жылжып орын босаттым да:

— Есе алатын адамға жол ашық, — деп Тахана қарадым. Тахан болса «іх!» деп лекіте күліп алды да:

— Жаңа жылдың қарсаңында осында жатқанымда... — деп бастап, шахмат жайынан бір әңгімені қозғап кетті. Жазушылардың біреуін атап, онымен үш партия ғана ойнауға бәстескенін, тақыр-таза үш жеңілгеннің үш сигаретті қатар тістеп тартуға тиіс болғанын, тең ойын есепке алынбасын дескенін, сөйтіп, әуелгі екі партияда тең түскендерін күлімсірей отырып, баптап айтуға кіріскен кезде Төкен әдетінше кеңсірігін «тазалай» екі рет «кін!» деп қалып:

— Токта, айтпай

қоя тұр, Сәуірбек келе жатыр, мұны білмейсің бе, естігенін өзіңкі етіп жаза қоюын пәле емес пе?! — деді.

Сыртқы есікке көз тастап едім: Бакбергенов кіріп келеді екен, Тахан шалқалап қатты күліп жіберді...

Сол күннің ертенінде кешкі астан кейін сыртқа шығып тұрғанбыз. Үш-төрт жігітпіз. Ортамыздағы Тахан: «Ана бір жылы Москвада...» деп әңгіме бастаған. Жарықтық әңгімешіл еді ғой. Сәлден соң орта жас шамасындағы бір бейтаныс шоқша сақал кісі келіп:

— Жігіттер, орта толсын! — деді қолын ұсынып.

— Кемдігі өзіңізбен толсын! — деді Тахан.

— Маған Әзілхан Нұршайықов керек еді, осында деген соң іздеп келіп едім, қайдан тапсам екен? — деді бейтаныс.

— Ә, ол кісі бүгін ғана, түстен кейін келген, бірақ кешкі шайға шыққан жоқ, қай бөлмеде екенін білмеймін, — деді жігіттердің бірі.

— Кім ол, Нұршайыков деген? — деп Тахан кәдімгідей таңқалғаны! Мен не дерімді білмедім. Сірә, ол мінезді басқалар да күтпеген, түсінбеген болар, бәріміз де тым-тырысығыз, 15-20 секунд өткен шығар. Мен Таханның таңданысын түсінбей қалдым да, бейтанысқа:

— Жүріңіз, кіріңіз, тауып аламыз ғой, — деп ішке беттедім...

Бөлмеме кіріп, күндегіше жайғасқаныммен іске қолым жүрмеді. Ойым он сан.

Таханның тосын қылығы ештенге қарағысыз күйге ұшыратты. Апырым-ау, онысы несі?..

Мен Әзілхан Нұршайықовтың да шығармаларын ұнатамын, құмартып оқимын. Оның өз тақырыбы, өзіндік әдіс-тақысты сөз қолданысы, ой өрнектеуі бар. Оны жокқа шығаруға болмайды. Қашанда кесек сөйлейтін атакты ағамыз Таханның әйгілі Әзекенді «білмегені» қалай? Мінез көрсеткеннің де жөні, реті, орны бар емес пе?

Таханның «мінез көрсетуі» дегеннен еске оралған бір жәйт мынау: 1981 жылдың күзінде-ау деймін, Жазушылар одағында поэзия хакында жиналыс өтті. Акындардың біразы жерге түкірген, біразы көкке түкірген көрініс болды. Көкке түкіруді Әбділда Тәжібаев шығарды. Ол мінберле қызына сөйлеп тұрған. Не себептен



Ғаббас
ҚАБЫШЕВ,
жазушы-
сатирик

ой-сезімнің ұшығы санамның бір тұсын «тесіп», еркімнен тыс шықса керек.

— Абай мұндай мың құкайды көрді ғой, «бетін басып, қатты сасып, тұра қашуы» да мүмкін, болмаса — Әбділданьң таяғын жұлып алып, әуелі соны, содан кейін біразымызды басқа бір-бір салуы да мүмкін. Абай... Жарықтық терең ғой, түпсіз ғой. Өз басым Абайды енді ғана түсіне бастадым, — деп Тахан ойланып қалды. Абайды пір тұтатынын аңғарсам да, «енді ғана түсіне басталдымына» іштей илана қоймадым.

— Анау ақын ағамыздың Мағжанды мансұқтап жүргені нәліктен? — дедім, тағы тыныш отырмай. Ол сұрақты әдейі қойдым. Көкейімді кесіп, анық-танығына көзім жетпей жүрген жәйттің мәнісін шын білгім келген. Тахан лекіте күлді де:

— Мағжан ақталса, біразының бұта-бұтаның түбіне тыққан сюжеттері мен идеялары ашылып, ақтарылып қалады, — деді.

Таханның үйіне жетіп қалған едік, машинаның есігін ашып, ілесе түстім.

— Үйге кір, жүр, — деді Тахан.

— Рахмет, Таха, құрылысқа кетіп барамын, сау болыңыз! — дедім.

— Көп жаса, сау бол! — деп қолын ұсынды.

...Әлі Мағжанға кіжінген тірілердің терістіктерінен тіксінген Таханның Әзекенді алымсынбағаны мені бейжай қалдырмауға айналған. Ол хал ертенінде-ақ көрініс берді.

Кешкі сағат тоғызда мәшінкемнен қолымды алып, қағаздарымды жиыстырдым да, дем алуға сыртқа шықтым.

Тахауи Ахтанов пен

Хайдолла Тілемісов қиыс өтіп баралы екен, ілесе қосылдым. Хакен — «Қайнар» баспасының директоры. Ол да менше күндіз кеңсесінде, түнде осында. Тахан екеуі жазушылардың Мәскеуде өткен соңғы құрылтайына қатысты әңгіме өрбітісіп жүр екен. Тахан қалмақ ақыны Дәуіт Құұлтинов туралы, сірә, онымен сол құрылтайда болған пікір алысулары жөнінде болар, күлдіргі жәйтті айтып болды да: «Бұл съезд, жаңа айттым ғой, маған қалайда ұнамады, сөз ұсақтап кетті ме, әйтеуір, айызымды қандырмады» — деді. Хакен: «Рас, меніңше, мәскеулік ағайындардың да арасында жік бар тәрізді. Бондаревтің сөзінің астары қалың жатыр, біраз қаламдастарын атамай-ақ қағытып өтті-ау, ә?» — деп еді, Тахан: «Қалай дегенмен, сол

Бондаревін осал емес, шығармалары психологиялық ширығысқа толы, тартып отырады, ойландырады» — деді. Сол сәтте Хайдолла: «Е, ұмытып баралы екенмін, бір жолдаспен хабарласуым керек еді, мен кетейін, кешіріңіздер!» — деді де, жөніне кетті.

— Территорияны бір айналып шығайық та, біз де кайтайық, ә? — деді Тахан, мені қолтығымнан алып. Жұмсақ үні, үлкен басымен мені

қолтығымнан ұстағаны батылдык берді ме, әлде іштегі ширығысым шегіне жетті ме, ол жағын аңғармадым, қалайда айтсам дегенімді бастап жібердім:

— Таха, егер рұқсат етсеңіз, сізге інілік бір базынам бар сияқты, соны тыңданыз, — дедім.

— Иә, — деді ол, «не айтпақ едің, нендей базына?» деген сауап сыңайды емес, «рұқсат» дегендей жылы райды аңғартты.

— Сіздің кеше Әзілхан Нұршайықовты «білмей қалғаныңыз» маған ұнамады. Көзі қарақты қазақ атаулы түгел білетін жақсы журналисті, жақсы жазушыны сіздің білмегеніңізге көз жетпейтінсіз адам, әрине, иланған жоқ. Жарайды, оны қайтем, кімнің кімді тануы, танымауы өз еркінде, ал

ЖАУҒАР

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

сіздің, Таха... Нұршайықовтың күні кеше жастарды да, жасамыстарды да тебірткен, құштарландырған «Махаббат, қызық мол жылдар» романындай, «Акикат пен аңыз» деп аталып, ісі қазақты риза еткен роман-диалогындай шығарманы оның қатар-құрбыларының бәрі бере алды ма? Басқа қыруар дүниесін былай қойып, осы екі туындысын алсақ, қазақ әдебиетінің көнермес қорына мұншама үлес қосу екінің бірінің қолынан келіп жүр ме? Ол ешқайсыңыздың тақырыбыңызды алып қойған жоқ. Ендеше, оны алымсынбау — үлкен ағаттық. Таха, халқымызда ғажап

Соны түсінгені ме, бірде ақын аға Әбірәш Жәмішев: «Ғаббас мырза, сен қандайсың, бір кісі қайтыс болды деп естіген сайын көзің жасаурай қалады, мен байқап жүрем, өйте берсен жүрегіне обал ғой?» — деді. Мен: «Әбеке-ау, бір ғұмыр үзілді ғой!» — дедім. «Қолымыздан келсе, алып қалмас па едік, ондайда берік болғайсың!» — деді.

Жүйкеме солайша ауыр салмақ түскен күннің бірі — 1994 жылғы қыркүйектің 22-сі. Ол ахуал апталық «Қазақ әдебиеті» гәзетінде (24. 09. 1994 ж.) қысқаша былай баяндалып еді (гәзеттің Бас редакторы Ахат



ТАХАУИ

“

– ТАХА, ЕГЕР
РҰҚСАТ ЕТСЕҢІЗ,
СІЗГЕ ІНІЛІК БІР
БАЗЫНАМ БАР
СИЯҚТЫ, СОНЫ
ТЫҢДАҢЫЗ, –
ДЕДІМ.

– ИӘ, – ДЕДІ
ОЛ, «НЕ АЙТПАҚ
ЕДІҢ, НЕНДЕЙ
БАЗЫНА?» ДЕГЕН
САУАЛ СЫҢАЙДЫ
ЕМЕС, «РҰҚСАТ»
ДЕГЕНДЕЙ ЖЫЛЫ
РАЙДЫ АҢҒАРТТЫ.

– СІЗДІҢ
КЕШЕ ӘЗІЛХАН
НҰРШАЙЫҚОВТЫ
«БІЛМЕЙ
ҚАЛҒАНЫҢЫЗ»
МАҒАН
ҰНАМАДЫ. КӨЗІ
ҚАРАҚТЫҚАЗАҚ
АТАУЛЫ ТҮГЕЛ
БІЛЕТІН ЖАҚСЫ
ЖУРНАЛИСТІ,
ЖАҚСЫ
ЖАЗУШЫНЫ
СІЗДІҢ
БІЛМЕГЕНІҢІЗГЕ
КЕШЕГІ БЕЙТАНЫС
АДАМ, ӘРИНЕ,
ИЛАНҒАН ЖОҚ.



Жақсыбаевқа: «Мына қоштасуымды гәзеттің ертеңгі нәміріне жібергейсің. Үкіметтің ресми азамасы шыққанша бір апта өтеді ғой, халық хабарлана берсін» дегенімді Ахат құп көрді):

«АҚЫРҒЫ ТІЛДЕСУЙМІЗ
БОЛДЫ-АУ!

Кеше ғана еді ғой!!

Қыркүйектің 20-сы. Сағат 12 шамасы. Телефоным шылдыр етті. Тұтқасын көтеріп тыңадым.

— Ғаббас, сенбісің? — деді. Таханның тарғылдау дауысы.

— Таха, ассалаумағалейкум!

— Мен ғой. Тахауи.

Уағалейкүмассалам!

— Таха, танып отырмын, хал-ахуалыңыз қалай?

— Хал мәз емес. Ауруханадан телефон соғып отырмын.

— Естіген жоқ едік...

— Оқасы жоқ, айналайын, қысылма. Әбіштің көмегімен мынау «правительственный» дейтін люкс-палатада жатырмын, телефоны, анау-мынауы — бәрі бар.

— «Текущий ремонт» дейік, Таха, тезірек жазылып шығыңыз! — дедім.

— Жүрек бар болғыр әурелей беретін еді ғой, бұл жолы «жүрегіңіз дұрысталыңқырады» дегенді айтпай, тек мынау құрғыр аяқ ауырлап, тіпті болмай барады. «Жас алаш» гәзетінен бір ғажап емші жігіт туралы мақала оқып, редакциямен хабарласып едім, олар «ол жігітті осы бір-екі күнде алып барамыз десті. Кім білсін...

— Сәті болады, Таха, емі қонып, сауығып шығасыз!

— Айтқаның келсін, айналайын.

Бірақ... қазір өлімнен қорықпайтын болдым, құдай жолына түскеннен бері өлімнен қорықпаймын.

— Таха, ол пәлені ауызға алмаңыз, қайтесіз оны қыжындатып? — дедім. Ағамыздың демі ауырлау екен, көңілін аулағым келді. Тахан күлгендей болды да:

— Жасым жетпістен асты. Енбегіме қарай сый-құрмет көрдім, ризамын, арманым жоқ. Елуге жетпей Оралхан да кетті ғой! — деді, бір күрсініп.

— Жазмыш қой, Таха!

— Ғаббас, мен шынымды айтып отырмын. Менде арман жоқ. Баламды шақыртып алып, әлгі... завещание дейді ғой, соны жазып қойып едім, соны балама бердім, завещаниемді.

— Таха-ау!..

— Кім біледі, әлгі ертерек шығар, иә, бірақ ажал шіркін... Оралханды елуге де жеткізбей алды, мен жетпістен астым, арманым жоқ.

— Таха, ертең-ақ сексеніңізді де бірге тойлаймыз! — дедім.

— Ә, оны көрерміз. Ал, қалқам, Ғаббас, саған бір өтінішім бар.

— Тыңдап отырмын, Таха, айтыңыз, — дедім, қызмет етуге даярмынды аңғартуға асығып. Таханның сөзі ажалдың ауылынан қарасын үзсе екен, аға көңілі жеңілдесе екен деп ойладым.

Жазушылар одағының шақыруымен АҚШ-тан екі жазушы, екі баспагер келгелі екі күн болған. Соны естіген Тахан баспагерлермен кездескісі келетінін айтты. Мен олармен кешке сөйлесіп, ертең таңертең хабарласуға Тахана уәде бердім. Уәдемі орындалды. Таңертең телефон шалып, хал-жағдайын сұрап:

— Таха, американдар бізше пәлен жыл бұрын жоспарлау, шарт жасасу дегенді білмейді екен, дайын қолжазба керек екен оларға. Құдай қаласа, романыңызды ағылшын тіліне аудартып, сонсоң салып жіберерміз, маған әлірістерін қалдырады, — дедім. — Солай ма? Рахмет, айналайын, рахмет, сау бол! — деді Тахан жылы үнмен, ақырын ғана.

— Таха, аман болыңыз, аман болыңыз! — дедім, ардақты ағаға адал пейілімнен есендік тілеп.

Әйгілі майдангер жазушы,

драматург Таханның, ақ көңіл, адал пейіл, аңғал Адам Таханның тарғылдау дауысын ақырғы рет естігенімді қайдан білейін?! «Айналайын» дейтін ағаларымның және біреуінен айырғаларым-ау!.. Иманыңыз жолдас болсын, аулы Таха!

Тахан өкімет құзырындағы ауруханада жатқан-ды. «Ертең таңертең хабарласамын» дегенімде үнінен селсіздік шығарып аңғарыла сөйлеп: «Әдрісімді жазып ал: үшінші терапия, төртінші палата, телефон нөмірі 62-16-58» деген. Ертеңінде суық хабарды естіген сәтте сол үні құлағымна келе қалып: үйреншікті ауруханадағы «әдрісінін» ақырғы боларын сезіп жатты-ау есіл азамат! — деп налыдым.



— Таха, үйіңізге апарып салайын, көлігім бар, — дедім.

— Солай ма? Жарайды, — деді ол, көңілісіз кейіпте солғын сөйлеп. Көлігім он кісілік «РАФ» автомашинасы, соған бастап барып, есігін ашып кіргізгенімде Тахан:

— Мынауың машина емес, самолет болып жүрмесің? — деп әзілдей отырды, бұрын ондай мәшинеге мініп көрмегендей бе, ішін жағалай шолып.

— Мүмкін, ол жүргізушіге байланысты, — дедім мен де қалжыңға сүйеп. Тахан күлді.

— Жаңағы жиналысымызды Абай көріп отырса не дер еді, қайтер еді? — дедім. Неге олай дегенімді әлі күнге өзім де білмеймін. Ол сұрақты Тахана қойдым ба, өзіме қойдым ба — оным да беймәлім. Сірә, ұйқы-тұйқы толқыған

ХОББИ

Белгілі ақын
Оразақын
Асқар
қаламсап
жинайды. Бұл

Тамара АСАР, ӘНШІ:

Самаурында

жағып тұрып кайнатып, шай берді.
Шайдан соң тәбетім ашылып, бойымды
жинай бастадым. Самаурын
— байлықтың белгісі.
Бірліктің символы.
Бүкіл әулет бірге
отырып шай ішетін
дәстүр болған.
Ресейде емелдім,
оқыдым. Самаурын
шығаратын өндіріс
орнында болдым.
Достарым аралатып,
бүге-шүгесіне дейін
түсіндіріп берді.
Самаурында шай 98
градуста кайнайды.

еуестік. Жазушының үйінде
жәдігерге айналған мыңнан
артық қаламсап бар.
Мұндай қасиет көз келген
адамның бойынан табыла
бермейді. Көбінде өнер
адамдарында кездеседі. «Хобби»
деп атап жүрміз. Ұғымымызға
жақын тілмен айтсақ, адамның
ермегі. Хобби — адам жанына ләззат
сыйлайтын, ақы төленбейтін жұмыспен
айналысу деген сөз. Әдебиет өкілдерінің
арасында Маралтай Райымбекұлының сурет
салатын ермегі бар. Ал әнші Тамара Асар
тұлымы желбіреген сонау бала күнінен бері
самаурыңа әуес. Самаурын ол үшін
өрі жәдігер, өрі жан-дүниесіне ләззат
сыйлайды. Сақырлаған
сары самаурынның
шайы оның жанын да,
төнін де емдепті. Әнші
Астанадан самаурын
сататын дүкен ашып,
өз хоббиін бизнеске
айналдырыпты.
Арманның орындалуы
деген осы.

сыр бар сиқырлы

Самаурыңа бала күннен қызығамын. 5-сыныпта жүргенімде әншілер байқауына қатыстым. Ең бастысы — мені ондағы берілетін сыйлық қызықтырды. Жарыста 1-орынды жеңіп алдым. Марапаттау кезінде кішкентай ғана самаурын сыйлады. Әкем — психолог-педагог. Оны «төте» деп атаймын. Төтем «Болды, сенің жолың ашылады. Самаурын байлық пен берекенің, ынтымақ пен ырыстың белгісі. Бұл сенің жолыңды ашады. Керемет адам боласың» — деп ырымдап, бала көңілімді көтеріп қойды. Әкемнің мұндай жылы сөзінен соң сыйлығымды қатты жақсы көріп кеттім. Сол самаурын әке-шешемнің үйінде әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Есейіп, ауырған кезімде асқа тәбетім болмай, мүлдем тамақ ішпей қалдым. Наннан, тамақтан жанармайдың иісі шығып тұрғандай болатын. Бірде түсімде 5-сыныптағы самаурынымнан шай ішіп отырмын. Өзімнің самаурыным гүлді болатын. Ал түсімде көргенім — бір жағында ою бар, бір жағында менің суретім тұр. Суретті өзім салыппын. Ояна салып апам шай ішкім келетінін айттым. Ол маған кайнатып, сүтті шай берді. Бірақ самаурынмен ғана ішкім келетінін айттым. Лаура деген апам отты

**ҚАЛЫҢНЫҢ
БҮРІНІНІ**

**Алақанға кірген
ақша**

«ЖАС ҚАЗАҚТЫҢ» САУАЛЫ

— Төлен Рамазан есімді жолаушы Қостанайдан Алматыға жолға шығып, №43 пойызға билет алған. Ол билетті терминал арқылы алыпты. Біраз қате бар. Осыған қатысты не айтасыздар?

ЖАУАБЫ

— «Еліміздің түпкір-түпкірінде 17 мыңнан астам терминал бар. Оларды жеке компаниялар жалға алып, халыққа қызмет көрсетеді. Электрондық билеттегі қателерді көріп, сіздерге хабарласқан жолаушыға алғыс білдіреміз. Тиісті компанияға хат жолдап, аталған олқылықты жою қажеттігін хабарлайтын

АҚ Жолаушылар тасымалы АҚ баспасөз қызметі

самаурындардың шыққанын іздеп, зерттеп, қажетті акпаратқа толық қанықтым. Мұражайларды араладым. Меніңше, кез келген сала және кәсіп болсын, адамға одан зиян келмеуі тиіс. Біріншіден, менің хоббиім көз қуантарлық дүние. Ал, екіншіден, атадан қалатын асыл мұра, жәдігер. Кішкентай кезімде самаурыны бар үй бірі-бірімен тату болады деген ой қалыптасқан. Әрдайым танертен көзімді аша салып, не бір жақтан үйге келсем, ең алдымен

самаурыныма от саламын. Сөйтіп, бала күнгі арманымды осылай қолға алдым.

Дайындаған Салтанат ШЫРЫНХАН

БИАМ САУДАСЫ

Дәл осындай жарнама ғаламторды емінен-еркін шарлап жүр. Жұрт та ашықтан ашық саудаласып, аты таудай университеттің куәлігін сатып алуға тыраштануда. Әлгі сайт master-diplomov.com деп аталады екен. Біз де кірдік, көрдік. Қалаған оқу орнының, қалаған мамандығыңыздың бітіру куәлігін алуыңызға болады. Ол үшін қалтаңызда небары 250 мың теңгенің болса болғаны. Бұл ақшаға педагогикалық университеттер мен медициналық жоғары оқу орнының дипломын сатып ала аласыз.

Диплом саудагері

Былтыр бір жоғары оқу орнын бітірген 48 адамның дипломы жалған болып шыққан. Жалпы, мұндай қылмыспен айналысқандарға 2-ден 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған. Ішкі істер министрлігінің баспасөз хатшысы Алмас Сәдуабаевтың айтуынша, өткен жылы

жалған құжатты дайындау мен пайдалануға қатысты 3808 қылмыстық іс тіркеліпті. Олардың 139-ы дипломға қатысты. Нәтижесінде, 879 адам қылмыстық жауапқа тартылған.

**ЕСТІМЕГЕН
БАДӘ КӨН**

Әжетханаға жасырынған «чемпион»

Айлакердің айласы ұзаққа бармады. АҚШ-тың Аризона штатында стайер Келли Энню жарыстан шеттетілді. Қатысушы жарыс барысында қулық жасап, биоәжетханада жасырынған.

Ол алдын ала жүгіріп өтетін арнайы схема дайындапты. Әрі айналымнан кейін бастапқы мөрені ғана жүгіріп отырып, кейін қайта әжетханаға тығылған. Қулығының арқасында 2014-2015 жылғы маусымда марафонның жеңімпазы атанады. Чемпионның бұл әрекетін тіркеуші төреші байқап қалған.

Нәтижесінде айласы ашылған Энню жеңіл атлет спортына енді мүлдем орала алмайды. Across the Year марафонының ережесі бойынша спортшы

белгілі бір уақытта барынша ұзақ қашықтықты жүгіріп өтуі тиіс. 24, 48, 72 сағат немесе алты күнде ең көп қашықтықты еңсерген адам ғана жеңімпаз саналады.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдоқ ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия maktutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігіне тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция қозғарушы білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет «Астана», «Астана-Ақ», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар. Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2101; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 44 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
--	---	--	--	---